

Халық мұғалімінің мұрасын жалғастырған білім ордасы

Адамзат тарихында қоғам өмірімен, халықпен бірге жасайтын тұғырлы тұлғалар көп болған. Мұның бір дәлелі қазақ топырағында білім беруде жаңа технологиялар мектебінің қайнар бастауы болған, КСРО халық мұғалімі, ағартушы-педагог Құмаш Нұрғалиевтің тұлғасы мектеп тарихының биік шоғырынан берік орын алған.

Бүгінде Құмаш Нұрғалиев салған сара жолмен оқу-тәрбие үдерісін жүргізіп келе жатқан оқу орындарына Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиевтің есімі берілді. Соның бірі Өскемен қаласындағы №43 қазақ мектебі 1994 жылдан бері Қ.Нұрғалиевтің есімімен аталады.

Білім ордасында ұстаздар мыңдаған баланың танымын кеңейтіп, білімін шыңдады. Ұстаздар қауымының қажырлы еңбегінің арқасында білім шаңырағы алдымен мектеп-гимназия атағына ие болса, 2016 жылы мектеп-лицей атанған. Өз ісіне деген адалдық және еңбекқорлық қасиеттерімен ерекшеленетін білікті басшы білім беру мекемесінің даму стратегиясын анық болжап, мектеп ұжымына нақты міндеттер қоя білді.

Жаңа ғасыр табалдырығындағы жас мемлекетіміздің алдындағы жас ұрпақты жан-жақты, білімді, саналы, отаншыл азамат етіп тәрбиелеуде ұстаздардың еңбегі шексіз. Осы орайда тарих пәнінің мұғалімі Роза Чекетаеваның республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпазы болғандығын атап өткен жөн.

Оқушылардың жетістіктері де аз емес. Республикалық ғылыми жобалар конкурсында «Тарих» секциясы бойынша «Фараби мен Абай мұраларының ұлттық идея-сы» атты жобасын әзірлеген 10-сынып оқушысы Берікжан Зеренбеков І дәрежелі диплом мен алтын медаль иеленді. «Экономика» секциясы бойынша «Кәсіпкерліктегі инновациялар мен әлемдік, аймақтық және жастардың трендтері» жобасын әзірлеген 11-сынып оқушысы Еркежан Ақбанова да І дәрежелі диплом және алтын медаль иегері атанды.

2008-2024 жылдар аралығында 644 түлек мектеп бітірсе, оның 89 алтын белгі иегері, 21 үздік аттестат иегері атанды. Осы мектептен білім нәрін алып, түлеп ұшқан 2023-2024 оқу жылының түлектері ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша Өскемендегі 49 мектептің ішінен екінші орынға шығып, мектеп түлектері екі жыл катарынан жүз пайыз грантқа оқуға түсті. Мектеп спортшылары да қалалық, облыстық, республикалық сайыстырға қатысып, жеңіс тұғырынан көрініп жүр.

Халық мұғалімі Қ.Нұрғалиевтің қоғамдағы рөлі мен еліміздің оқу-ағарту саласына қосқан үлесі шексіз. Еліне пана болған тұлғалардың өнегелі өмірін еске алу, оларды болашақ ұрпаққа жарқырата үлгі ету парызымыз.